

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 маусымдағы N 626 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сайлаушылардың тізімін жасаудың, дауыс беруді өткізудің, дауыс беру қорытындыларын айқындаудың және сайлау нәтижелерін анықтаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 359-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесінде:

6-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"берілген күні, қолданылу мерзімі, жеке куәліктің коды және штрих-коды к ө р с е т і л е д і . " ;

28-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Азаматтарды тіркеу тұрақты тұрғылықты жері бойынша, оның ішінде тұрғын үйлерде, пәтерлерде, жатақханаларда, қонақ үйлерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, саяжай бау-бақша серіктестіктері мен кооперативтерінің тұрғын үй құрылыстарында, интернат-үйлерінде, тұрғын үйге бейімделген қызметтік ғимараттарда жүзеге асырылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

